**Колутон ЖОББ мектебі**
**Педагогикалық кеңес № 2 хаттамасы.**

«02» қараша 2021ж
Қатысқандар: 29
Қатыспағандар: —

**Күн тәртібі:**

1. Білім алушылардың I тоқсан қорытындысы, білім сапасы, үлгерімі.
2. Білім саласындағы олқылықтармен жұмысының жүргізілуі.
3. 5-сынып оқушыларының жаңа білім беру жағдайларына бейімделуі.
4. «Сыбайлас жемқорлықсыз ел-өркендеуші ел» баяндама.
5. Талдау бойынша мектеп қызметінің педагогикалық сүйемелдеу оқушыларды 1-ші,10-шы сынып кезең бойынша бейімдеу
6.ҚР мемлекеттік Тіл туралы заңының орындалуы туралы
7.Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

I тоқсан қорытындысы, білім сапасы, үлгерімі туралы директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары С.Абдрахманова баяндады.

2021 – 2022 оқу жылының мектепте 111 оқушы ,мектепдаярлық тобында 9 оқушы болғанын, I тоқсан барысында 1 оқушы келіп, 1оқушы басқа мектепке кетуіне байланысты I тоқсан соңында 111 оқушы болғанын айтты. 1 – 4 сыныптарда 46 оқушы, 5 – 9 сыныптарда 56 оқушы, 10 – 11 сыныптарда 9 оқушы екенін айта келе, I тоқсанда 9 оқушы оқу озаттары, 34 оқушы «4» пен «5» жақсы аяқтады. I тоқсандағы жалпы білім сапамыз мектеп бойынша 39% болғанын айтып өтті. Әрбір сыныптың білім сапасы мен үлгерімі туралы жеке-жеке тоқталды сараптама жасалды оқу ісінің орынбасарлары: С.Бейсекеева мен С.Абдрахманова (Анықтама қоса берілді)

Білім сапасын төмен көрсеткен сыныптардың сынып жетекшілері мен пән мұғалімдеріне жиналыс барысында сөз беріліп, білім сапасының төмендеу себептері талқыланды. Білім сапасының төмендеуінің басты себебі қазіргі жағдайға байланысты, қашықтықтан оқу екенін, кейбір оқушылардың ата – аналарының балаларының біліміне салғырт қарауы екенін айтты.

Білім сапасын төмен көрсеткен сыныптардың сынып жетекшілері, пән мұғалімдерімен байланыс жасасын, сыныптың білім сапасын көтерсін.

Екінші сұрақ бойынша мектеп директоры А.Акcеитова тыңдалды:
Білім саласындағы олқылықтармен жұмысының жүргізілуі туралы презентация көрсетілді.
Үшінші сұрақ бойынша Бесінші сынып жетекшілері С.Райымбек (5 «А»), А.Жақанова (5 «Б» ) 5-сынып оқушыларының жаңа білім беру жағдайларына бейімделуі туралы мектеп педагог-психологтары А.Жақанова мен А.Шоқубаева.
Төртінші сұрақ бойынша А.Жақсыбаева тыңдалды «Сыбайлас жемқорлықсыз ел-өркендеуші ел» баяндамасы тыңдалды. Мектепте жемқорлыққа қарсы күрес жоспарға сәйкес атқарылып жатыр.атқарылған жұмыстарға тоқталды. «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыбында әңгімелесу өткізілгенін, мектеп оқушылары мен ата – аналардан сауалнамалар алынғанын айтып өтті. Сауалнама нәтижесі бойынша оқушылар сыбайлас жемқорлықтың зияны мен кері әсерлері туралы толық ақпараттанғанын, ата – аналардың мектеп ұжымына шағымы жоқ екенін айтты. Әлемнің барлық елдері күресіп отырған күрделі қоғамдық мәселелердің бірі

– жемқорлық екенін айта келе, жоғары сыныптың сынып жетекшілері осы тақырып негізінде жұмыстарын жандандыруы керек екеніне тоқтады.

Бесінші сұрақ бойынша талдау бойынша мектеп қызметінің педагогикалық сүйемелдеу оқушыларды 1-ші сынып кезең бойынша бейімдеуі туралы А.Шокубасова тыңдалды.1-ші сынып оқушыларының мектепте оқуға бейімделуі,Мақсаты: бастауыш сынып мұғалімдеріне баланың мектептегі оқуға бейімділігі мәселесінің теориялық негіздері туралы білім беру.

Дәріс материалдары:

Бейімделу – ағза функцияларының, құрылысының, оның органдарының және клеткаларының орта жағдайына ыңғайлануы, бейімделуі. Баланың мектепке бейімделуі жылдам жүрмейді: ол үшін, яғни мектепке толығымен үйренуі үшін бір күн, бір апта талап етілмейді.

Баланың мектепке физиологиялық бейімделу процесін бірнеше кезеңдерге бөлуге болады. Мамандар баланың мектепке физиологиялық бейімделуінің үш кезеңін бөліп көрсетеді:

Бірінші кезең – нысананы, жүйелі оқытудың басталуымен байланысты, барлық комплекске жаңаша әсер етуге, қарқынды реакциялардың және ағзаның барлық жүйелерінің маңызды күшпен жауап беруі. Бұл «физиологиялық толқын» ұзаққа созылады (2-3 апта). Бұл кезеңде бала өз мүмкіндігінің шегінде жұмыс істейді. Сондықтан оқудың алғашқы аптасында бірінші сынып оқушыларында салмағының төмендеуі, ұйқысының бұзылуы, бас ауруы байқалады.

Екінші кезең–тұрақсыз бейімделу. Бұнда бала ағзасы бұл әсерлерге қандай да бір тиімді реакциялар нұсқаларын іздеп табады. Бірінші кезеңде ағза ресурстарын үнемдеу туралы сөз болмайды: ағза не бар, соның бәрін жоғалтады, ол кейде «қарызға алады»: сондықтан мұғалім бұл кезеңде әрбір бала ағзасы қандай жоғары «бағаға» төлейтінін білу керек. Екінші кезеңде бұл «баға» төмендейді, «толқын» жайлап әлсірейді.

Үшінші кезең – тұрақты бейімделуге қатысты кезең. Мұнда организм мектеп жүктемесіне әсер ететін, барлық жүйелердің (ақыл-ой, физикалық, эмоционалды) аз мөлшерде күшін талап ететін қажетті нұсқаларды табады.

Осыларға қатысты, барлық педагогикалық процесті әр баланың денсаулығына зиян келтірмейтін етіп құру қажет. Олардың денсаулық жағдайындағы өзгешелік, бұл мектепке бейімделу процесінің әр жағдайда әр түрлі болатынын ұмытпау керек.

Бейімделудің барлық үш формаларының ұзақтығы шамамен 5-6 апта, бұл кезең 10-15 қазанға дейін созылады, ал ең қиыны бірінші-төртінші апталар болып табылады.

Оқудың алғашқы аптасы қалай сипатталады? Ең алдымен, жұмысқа қабілеттілігінің тұрақсыз және төмен деңгейде болуымен, жүрек-қан тамырлар жүйесінің жоғары деңгейімен, әр түрлі ағза жүйелерінің бір-бірімен өзара байланысының төмен көрсеткіштерімен сипатталады.

Тек оқудың 5-6 апталарында жұмысқа қабілеттілік көрсеткіштері тұрақты бола бастайды және біртіндеп жоғарылайды. Ағзаның өмірді қамтамасыз ететін негізгі жүйелерінің күштері төмендейді, яғни оқумен байланысты барлық жүктемеге қатысты тұрақты бейімделу басталады. Оқу жүктемесіне ағзаның физиологиялық бейімделуі қиын кезең болғанымен, ол оқудың 5-6

апталарында аяқталады. Алғашқы оқу жылын барлық ағза жүйелеріч тұраксыз және кызу реттеу кезеңі деп есептеуге болады.

Алтыншы сұрақ бойынша ҚР мемлекеттік Тіл туралы заңының орындалуы туралы Әдістемелік бірлестік жетекшісі Д.Камалова тыңдалды.

2021 жылы 6 қыркүйектен 17 қыркүйек аралығында өткен Қазақстан халкының тілдер күніне орай өткізілген іс-шаралар жоспарға сай өткізілді.

Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» «Білім туралы» Заңдарын орындау мақсатында Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде 6-17 қыркүйек аралығында Қазақстан Республикасы халкының тілдері күні мерекесін өткізуге байланысты жұмыс жоспары құрылып, іс – шаралар өткізілді.Қыркүйектің 6-7 күндері Тілдер мерекесінің онлайн ашылуы ұйымдастырылып, «Тілден қымбат қазына жоқ» мектеп оқушылары арасында көркемсөзді әр тілде мәнерлеп оқу челленджі онлайн өтті.Сонымен қатар, қыркүйектің 9-10 күндері«Алғашқы ұстаз» атты Ахмет Байтұрсыновтың өміріне арналған қазақ тілінде диктант, «Тәуелсіздік тәу етер басты байлығым»атты эссе 8-10сынып оқушылары арасында орыс тілінде жаздырылды. Ең үздік деп 8а сынып оқушысы Аугалиева Асемнің эссе жұмысы танылды. 10- қыркүйек «Әр халықтың тілі маңыздыда, әсем!» атты этнографиялық шара / видеоролик көрсетілді.13-14 қыркүйек күндері пән мұғалімдері «Ыбырай салған сүре жол- бізге өнеге» атты Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығына арналған дөңгелек үстел өтті.«Бәрі махаббаттан басталады» атты әдеби шара9 сынып оқушыларымен орыс тілінің мұғалімі Куц Елена Анатольевна өткізді.15-16 қыркүйек күндері «Кел, Ұлыбританиямен таныс болайық!» атты презентация таныстырылымын 8а сынып оқушыларымен пән мұғалімі Камалова Динара Маратовна өткізді.Және казақ тілі пәнінің мұғалімі Шокыбаева Кымбат Кошербаевна 7 б сынып оқушыларымен «Абайды оқы, таңырқа!» атты видеороликпен Абай өлеңдерін оку сағатын өткізді.Жоспар бойынша барлық аталған жұмыстар ұйымдастырылып, мектептің ресми парақшаларына жарияланды. Қыркүйектің 17 күні Қазақстан халкының тілдері күндері қорытындыланып, жабылу салтанаты өтті.

Жетінші сұрақ бойынша «Құқық бұзушылыкты алдын алу шаралары туралы» баяндаманы тәрбие ісінің орынбасары А.Жаксыбаева тыңдалды.

Жасөспірімдер арасындағы тәртіп бұзушылықтың алдын алу және құқықтық тәрбиені іске асыру бойынша жүргізілген іс-шаралар туралы айтылды. Құқықтық кеңес мүшелері жоспарға сай жұмыстар жүргізілуде деп атап өтілді..

Педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. I тоқсан қорытындысы бойынша білім сапасын төмен көрсеткен 3 «А», 4 «Б», 5«А», 7 «Б», 9 «А», 10 «А», 11 «А» - сыныптарының сынып жетекшілері пән мұғалімдерімен тығыз байланыс жасай отырып, сыныптың білім сапасын көтерсін.
2. Сынып жетекшілері мен пән мұғалімдері оқушылармен қарым – қатынас орнатқанда педагогикалық жағдайларды ескерсін.
3. Білім саласындағы олқылықтарды әр пән мұғалімі жүйелі жүргізсін.Білім сапасын асыру мақсатында сынып жетекшілер,пән мұғалімдер ата – аналармен байланыс жасай отырып, жұмыстарын жандандырсын.
4. Мектеп психологтары оқушылармен жекелеген жұмыстар жүргізсін.
5. Жасөспірімдер арасындағы тәртіп бұзушылықтың алдын алу және құқықтық тәрбиені іске асыру бойынша жүргізілген іс-шаралар «қанағаттанарлық» деп табылсын. Құқықтық кеңес мүшелері жоспарға сай жұмыстарын жалғастырсын.
6. Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» заңы аясында атқарылған іс-шаралар «қанағаттанарлық» деп табылсын.

**Мектеп директоры:** **А.Аксеитова**

**Хатшысы** **Н.Молдагайсина**